

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Шет ауданы білім бөлімінің
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК**

ҚАРАЛДЫ

Әдістемелік
жетекшісінің
отырысында

Хаттама № 1

«01» 09 2021ж

Әдістемелік бірлестік

жетекшісі Ж.М. Жаканова

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

С.С.С. М.К. Сарина

«01» 09 2021ж.

БЕКІТЕМІН

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

директоры м.а.

М.К. М.К. Каргатаева

«01» 09 2021ж.



«Дидактикалық ойындар»

«Таным» білім беру саласы

**Математика негіздері бөлімі бойынша вариативтік компонент
БАҒДАРЛАМАСЫ**

2021 ж. – 2024ж.

Құрастырушы: тәрбиеші Сансызбайқызы Қ.



*Қолданыс
жүзінде*
М.К.

МАЗМҰНЫ

1.Титулдық бет

2. Вариативтік компонент мазмұны

3.Түсінік хат

-Кіріспе

-Вариативтік компонент өзектілігі

-Мақсат-міндеттері

-Әдіс- тәсіл түрлері,білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары

4.Қортынды

-Күтілетін нәтиже

5.Тақырыптық жоспары

6.Қолданылған әдебиеттер тізімі

7.Қосымшалар

Түсінік хат

Кіріспе

Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден - бір көмекшісі десек те болады.

Дидактика - термині гректің «дидактос», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді. К. Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескеріп, былай деп жазады: «Бала табиғаты көрнекілікті аса қажетсінеді. Балаға өзіне белгісіз бес сөзді жалаң үйрете бастасаңыз, көп уақытты зая кетіріп, босқа қиналасыз. Ал енді жиырма сөзді суреттермен байланыстыра үйретсеңіз, бала оны лезде қағып алады. Сіз балаға қарапайым ғана ойыңызды қанша түсіндірсеңіз де, оңай ұға қоймайды. Дәл сол ойды күрделі суреттер көрсете баяндасаңыз, ол сізді тез түсінеді».

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Балабақшада бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар (Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, т. б) өз еңбектерінде айтып кеткен. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Дидактикалық ойындар арқылы баланың математикалық қабілеттерін оятудың әсерін Ресей ғалымдары

А. И. Захаров, В. С. Мухина, А. М. Леушина, Е. И. Щербакова, Е. О. Смирновалар атап көрсеткен. Дидактикалық ойындардың ықпалын баланың сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А. В. Запорожец, А. Д. Кошелева және т. б. белгілеген. Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылайды және ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады.

Дидактикалық ойын – балалар үшін оқу да, еңбекте.

Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі – бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс -әрекет. Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық, қабілеттілігі мен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған вариативтік бөлік 3-4 жастағы балаларға арналған. Жылына 18 сағат, 2 бөлімнен құрастырылған.

Жоспар келесі міндеттерді қарастырады.

1. Балаларды ойын арқылы дамыту шараларына байланысты мақсаттарды шешуде дидактикалық ойындар ерекше рөл атқарады.
2. Балалардың бойына логикалық ойлау қабілетін және байқампаздыққа, шыдамдылық, шапшандыққа тәрбиелеу.

Вариативтік компонент өзектілігі.

Заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аудару, логикалық ойлау қабілетін дағдыландыру.

Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсормоторлық кеңістік, «көз, қол» үйлесімділігін дамыту ойындары арқылы дамыуын зерделеу.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытуға, ойлауын, қабылдауын, есте сақтауын, зейінін, салыстыру, жіктеуге, өзін-өзі бақылауға жол ашу.

Мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

1. Ойын әрекетінің әр түрін қамтитын және балалардың жалпы дамуына көмектесетін түрлі дидактикалық ойындарды қолдану;
2. Заттардың қасиеттері туралы балалар түсініктерін кеңейту;
3. Заттарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету;
4. Дидактикалық ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және ақыл - ой белсенділігін арттыру.

Әдіс-тәсіл түрлері,білім салалары арасындағы байланыс және меңгеру формалары.

Таным білім беру саласының дидактикалық ойындар жүргізудегі қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- 1.Заттық дидактикалық ойындар
- 2.Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар
- 3.Сөздік дидактикалық ойындар
- 4.Апта күндері

Дидактикалық ойындарды ұйымдастырыуда қолайлы жағдай жасау. Ортаңғы тобының балалары дидактикалық ойынды қарапайым қоғамда.айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер ойлау қаблеті бар,қажетті жағдайда айырықша шешім қабылдайтын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды.Балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту және оны тәрбиелеу-бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі.

Қортынды:

Заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аудару.
Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсормоторлық кеңістік, «көз, қол» үйлесімділігін дамыту.
Заттардың ерекше қасиеті, түсі, көлемі, пішінін көрсету ойындары.
Эстетикалық талғамын, шығармашылық қиялдау қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Заттарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға,дұрыс атауды үйренеді;
- Балалардың тілін, сөздік қоры, эстетикалық талғамы, шығармашылық қиялдау қабілеті дамиды.
- Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдылары қалыптастасады;

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Л.А.Венгер, Э.Г.Пилюгина, Н.Б.Венгер
Воспитание сенсорной культуры ребенка
3. Мектепке дейінгі педагогика
Астана-2012
4. Ф.Н. Жұмабекова
Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар, Алматы
«Рауан»- 1994 жыл

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы)

Тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	«Суреттерді құрастыр»	1	13.09.2024
2	«Пішіндерді боя»	1	27.09.2024
3	«Жемістерді жина»	1	11.10.2024
4	«Үлкен-кіші»	1	25.10.2024
5	«Түсіне қарай таңда»	1	15.11.2024
6	«Таныс пішіндер доминосы»	1	29.11.2024
7	«Әдемі пішіндер» ойыны	1	13.12.2024
8	«Апта күндері»	1	27.12.2024
9	«Түрлі түсті моншақтарды тізу»	1	10.01.2025
10	«Гараждар»	1	24.01.2025
11	«Бет орамалға лайық жамауларды табу»	1	14.02.2025
12	«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»	1	28.02.2025
13	«Кім не жейді»	1	14.03.2025
14	«Өз үйінді тап»	1	28.03.2025
15	Қандай пішін шықты	1	11.04.2025
16	«Өз ұяшығына сал»	1	25.04.2025
17	«Сықырлы суреттер»	1	16.05.2025
18	«Вагондарға дөңгелек таңдау»	1	30.05.2025

Қосымшалар

Шаттық шеңбер

*** №1

Қуанамын, күлемін,
Жылы менің жүрегім.
Достарыма үнемі,
Риза болып жүремін.

*** №2

Ашық менің жүрегім
Ылғи күліп жүремін.
Бірге ойнап бір жүрер
Достарым көп, білемін!

*** №3

Күнім күліп арайлы,
Тереземнен қарайды.
Достарыммен шеңберге,
Тұрғанымды қалайды.

*** №4

Сиқырлы айнадан
Өзімді көрермін.
Бақыттан жайнаған.
Көзімді көремін.

*** №5

Шақырамын сендерді
Жолдастарым кел бері
Толтырайық шаттыққа,
Дөгеленген шеңберді.

*** №6

Бақыт толы шеңберге,
Шаттық толы шеңберге,
Қол ұстасып келдік біз,
Жан достарымыз енді біз.

*** №7

Достарымның барлығын,

Сыйлап, жақсы көремін.
Алақаным арқылы
Жылуымды беремін.
7

***№8

Достар , бері келіңдер,
Қолдарыңды беріңдер.
Шаттық толы шеңберге,
Қуанышпен еніңдер!

***№9

Көңілденіп күленіп,
Бақытты боп жүремін.
Бәрін біліп алатын,
Мен ақылды баламын.

I.Санамақ

1.Табақта бір алма,
Қолымда екі алма.
Барлығын қосқанда ,
Шығады неше алма.

2.Үш алманың біреуін,
Досым сұрап алады,
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады.

3.Бір апта
Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,
Сейсенбіде серуен құрдық далада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әндетіп.
Жұма күні жидек тердік қыратта,
Сенбі күні кино көрдік клубта.
Жексенбіде үйде болып дем алдық,
Осылайша өте шықты бір апта.

4.Бірді бірге таяп қой.
Екеу болар қос таяқ ,
Цифры оның тап мына
Ұқсайды бір аққуға,

5.Екі мен бір – болар үш,

Цифры оның – ұшқан құс.

6.Үш пен бірің төрт екен.
Төртеу санның көркі екен.

7.Төрт аяқпен жануар,
Стол, төсек... тағы бар..
Төрт аяқпен нық тұрар
Төрт бірлікті ұқтырар

8.Бес дегеннің цифры
Қарап тұрсаң оп–оңай.
Үштің басын қайырып,
Қоя салған жай бұрап. (Ә. Табылдиев)

II. Жаңылтпаштар

1.Бір ақ шымшық,
Екі ақ шымшық.
Үш ақ шымшық,
Төрт ақ шымшық.

2.Пеш үстінде бес мысық,
Пеш ішінде бес мысық
Бес күзетші.. бес пысық.

3.Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім
Неше кіші ішік піштім.

4.Ұшып кетті үш құс,
Ұшып келді ұшқыш.

5.Есет атам ет асатар,
Ет асатса, бес асатар.

6.Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,
Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.
Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ
Ақ сүт, айран, қант та аппақ.

7.Тақпақ жаттап

Айтсақ жақсыақ
Жатқа тақпақ
Жатта тақ-тақ

III. Жұмбақтар

Ұзын құлақты
Жылдам аяқты
Сәбізді жақсы көретін ол не. (Қоян)

1. Шуақ шашқан
Күнге ұқсаймын көбірек.
Менің атым

(Дөңгелек)

2. шатыр
Ұқсайды тек өзіме.
Бірден білер,
Құлақ ассаң сөзіме

(Үшбұрыш)

3. Теледидар таныс екен баршаға,
Ал пішіні ұқсайды ғой шаршыға

(Төртбұрыш)

4. Жаңылмастан жетеуі,
Кезек қызмет етеді.

(Аптаның 7 күні)

5. Туысқан бес кісі,
Бірінен-бірі кіші
Бәрінің аты бір
Ең кішісі шеткісі
(бес саусақ)

6. Бес балада бір бешпет,
Бір киініп, бір шешпек.
Оң жағымда бес сарбаз,
Сол жағымда бес сарбаз.

(он саусақ)

7. Табақта үш алма,
Қолымда екі алма.
Қосқанда барлығы
Болады неше алма?

(Бес алма)

8. Бір алма апама,
Бір алма атама.

Екі алма беремін
Мамам мен папама.
Нешеуі қалады табақта? (бір)

10

9.Нарттай қызыл алмам бар
Мәз болады алғандар
Жазда әдемі киінем
Тілді балдай үйірем.

10.Бір үйде біз нешеуміз
Кел санайық екеуміз:
Бас бармағым—папам,
Балаң үйрек- апам,
Ортан терек- ағам,
Шылдыр шүмек,
Титтей бөбек сен
Бір үйде біз нешеуміз?

IV.. Бой сергіту сәтінде пайдаланатын математикалық тақпақтар

1.Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Алға қарай бір адым
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

2.Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір.
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір
Сағатқа қарап ап
Жаттығу оңай-ақ.

3.Қақпаға туралап,
Теп допты, оң аяқ
Қақпаға туралап,
Теп допты сол аяқ,
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

4.Доп безек қағады,
Секіріп еденде
Біресе жоғары

Біресе төменге
Жаттығу оңай-ақ.

11

5.Қарлығашқа ұқсайық
Қане қанат жасайық
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық..

6. 1, 2, 3
Дем аламыз жинап күш.
«5»- тік баға аламыз
Қуанып үйге барамыз.

7. Ал балалар тұрмайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып
Біз тынығып алайық.

8. Тік ұста бойыңды
Жоғары соз қолыңды.
Соз қолыңды тағы да,
Жеткіз жираф мойнына.

9.Сол аяқ, оң аяқ,
Кезек оны тебеді.
Ол тынымсыз домалап,
Зыр жүгіре береді

Тақпақтар

Ойыншықтар

Ойыншығым құрастырғыш
Көрстеді көмегін
Кімге көлік, кімге үй
Құрастырам керегін

Машина

Ойыншық машина
Тарт алға асыға
Сенімен тасыймын
Көмірмен тасымды

Құр босқа турмаймын
Тек алға зулаймын

12

Моншақ

Моншақтарды алайық
Мойынымызға тағайық
Сәнді моншақ менде бар
Бұл моншақты сенде ал

Алма кетті домалап
Көше бойын жағалап
Кім алманы табады
Сол ойыннан шығады

Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды
Қоянғада азықпыз
Сәбіздерміз жазықсыз

Пішіндерді үйрендім
Қабырғасы тік сайлы
Үшбұрыш бұл үйлердің
Шатырына ұқсайды.

Бөлініп-ап екіге
Отырған сәт шетінде
Төртбұрышта ұқсайды
Үстелдердің бетіне

Мынау емес төртбұрыш
Мынау мүлде жоқ бұрыш
Бұның аты дөңгелек
Дөңгелекті дөңгелет
Ұзын құлақ сұр қоян
Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді

Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің

13

Келе жатқан томпаңдап
Көжегі екен өзінің.

Аю

Қорбаңдаған аюдың
Құлпынайы көп екен
Теріп-таріп аламыз
Қалтамызға саламыз

Түлкі

Түлкі деген қу ғой
Жүрген жері шу ғой
Жатып алып жағада
Іздегені шу ғой.

Қасқыр

Қасқыр жортар сайменен
Араз болып айменен
Қасқыр жортар ойменен
Жолықсам деп қойменен

Кірпі

Тұмсығында инесі
Деп тұрғандай тимеші
Азулыдан сақтайтын
Кірпінің көп инесі

Тышқан

Шығып алып інінен
Маза бермес түнімен
Тышқан түнде жортады
Ол мысықтан қорқады

Үй

Үй жасау керегеден басталады

Оңайлау бұдан көрі басқалары
Ағашы керегенің-сағаналар
Біркелкі қатар-қатар тасталады.

14

Машина

Үлкен болып өскенде
Машина алам менде
Бырақ ол үшінәрине
Жақсы оқу керек күнде

Поез

Поез Ду-ду-ду-ду!
Мен жүремін!-деп шулайды
Ал вагондар зулайды
Тақ-тақ-тақ!Тақ-тақ-тақ!
Ұшақ болып балалар
Ұшамыз биікке-биікке
Жоғары қарай тартыламыз
Енді жерге қонамыз
Қолымызды төмен түсіреміз

Паравоз

Пш-пш-пш-пш,біз кеттік
Жүрісті біз үдеттік
Гу-гу-гуілде
Қалып қойма бірінде
Пш-пш-пш –пш біз кеттік
Жүрісті біз үдеттік
Гу-гу-гуілде
Қалып қойма бірінде.
(Балалар бірінің артынан бірі тұрып паровоз әнін айтады)

15

Тақырыптық жоспар үлгісі

	Ойынның тақырыбы	Сағаты	Мақсаты	Шарты	Көрнекілігі

1	«Суреттерді құрастыр»	1	Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі.	Әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері.
2	«Пішіндерді боя»	1	Түстерді танып білуге үйрету. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.	Балаларды ұйымдастырып оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар тақтадағы түстеріне қарап алдындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінулерін және шапшаңдықтарын шыңдайды.	Геометриялық пішіндер.
3	«Жемістерді жина»	1	Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту	Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге, орташаны орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» - деп ортаға 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады	3-түрлі көлемдегі үлкен, орташа, кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар.
4	«Үлкен-кіші»	1	Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту.	Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады	Ойыншықтар мен жануарлар суреттері.

5	«Түсіне қарай таңда»	1	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру	«Балалар, бүгін біз «Түсіне қарай таңда» ойынын ойнаймыз. Сендердің қолдарыңда түрлі түсті бөліктері бар кілемшелер бар. Қараңдаршы, қандай әдемі ойыншық» -деп көк машинаны көрсетеді. Бұл көк түсті машина. Ал мынау не?-қызыл түсті машина. Бұлардың айырмашылығы неде? (түстерінде) Ал енді кілемшенің ұяшықтарына түстері сәйкес келетін ойыншықтарды таңдаңдар-деп балаларға тапсырма береді. Енді біздің машиналарымыз кілемшелерге жасырынып қалды деп, ойынды әрі қарай жалғастырады	30x20 см картон кілемше 6-бөлікке бөлінген. Бөліктері 10x10 см
6	«Таныс пішіндер доминосы»	1	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.	Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді	Пішіндер бейнеленген суреттер
7	«Әдемі пішіндер» ойыны	1	Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету.	Ойын үшін алдын ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Тәрбиешілер балаларға геометриялық пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды, мысалы, геометриялық пішіннен жануар бейнесін жасайды	Геометриялық пішіндер үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша
8	«Апта күндері»	1	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету	Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып	Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка.

				қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады	
9	«Түрлі түсті моншақ-тарды тізу»	1	Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету	Қонаққа қуыршақ немесе аю келеді, өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды. Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, сонан соң ақ моншақты тіземіз –деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады.	Сарытүсті -5 қызыл түсті - 5 моншақтар, диаметрі-2 см. Жіптер және қорапшалар
10	«Гараждар»	1	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету	Ойынның мазмұны: балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарына апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.	Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар
11	«Қандай пішін жетіспейді»	1	Геометриялық пішіндерді атай білуге және қай пішін жетіспейтінін таба білуге үйрету.	Тәрбиеші тақтаға геометриялық пішіндерді қояды. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.	Геометриялық пішіндер (қораптан алу)
12	«Бет орамалға лайық жамауларды табу»	1	Геометриялық пішіндерді ажыратуға және салыстыруға жаттықтыру.	Тәрбиеші балаларға бет орамалдың үлгісін таратып Беру, алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.	Бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.
13	«Тәрелке-сіне қарай кесесін таңда»	1	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту	Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді	Картоннан қыркылып полотноға орналастырылған анәр түсті

				әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады.	кеселер мен тәрелкелер
14	«Өз үйінді тап»	1	Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету.	Тәрбиеші балаларға түрлі-түсті дөңгелектер тарату және түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.	Балаларға түрлі-түсті дөңгелектерді тарату.
15	Қандай пішін шықты	1	Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білуге.	Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. Қандай пішін шықты?	Әр балаға 10 данадан санағыш таяқша-лары
16	«Әркімге өз үйі»	1	Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету	Тәрбиеші балаларға әртүрлі аңдардың суретін таратып береді және әртүрлі жануарлардың суреті бейнеленген үйлерге өз қолдарындағы жануарлардың бейнесі бойынша барып өз үйіне орналасу.	6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызыл-сары) үй және аңдардың (қоян, қасқыр, аю, түлкі, кірпі, тышқан) суреттері.
17	«Сиқырлы суреттер»	1	Балалардың логикалық ойлау қаблетін, еске зейін, қабылдау	Тәрбиеші балалардың алдына үлгі және әртүрлі сурет бөлінділерін	Әртүрлі сурет бөлінділері.

			процесстерін дамыта отырып суреттердің бөлінділерін тауып құрастыра білуге.	үлестіреді.Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	
18	«Вагондарға дөңгелек таңдау»	1	Геометриялық пішіндерді ажыратуға қасиеттерін білуге жаттықтыру. Ойлау қаблетін дамыту.	Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.	Қағазға салынған вагондар,әртүрлі геометриялық пішіндер.

Барлығы 18 сағат

Жұмыс дәптері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы негізінде әзірленген вариативтік

Компонент бағдарламасы бойынша

Ортаңғы топ (3-4 жас) балаларына арналған.